

Изатуллаева Б.С.,
Альмухамбетова Б.Ж.,
Садуллаева А.П.

**Халықты жұмыспен қамту
мемлекеттік саясатын
жергілікті деңгейде жүзеге
асыру мәселелері және оны
шешу жолдары**

Бұл мақалада автор жергілікті деңгейде халықты жұмыспен қамту мемлекеттік саясатын іске асыру мәселесін қарастырады. Еңбекке қабілетті азаматтарды жұмыс орындарымен қамтамасыз ету және шаруашылық қызметінде олардың қатысуымен байланысты болатын экономикалық және әлеуметтік қарым-қатынастардың жиынтығы ретіндегі жұмыспен қамту түсінігінің мәні ашылады. Авторлар жергілікті деңгейдегі жұмыссыздық мәселелерін қарастырған және оның спецификалық ерекшеліктерін айқындаған. Сондай-ақ, жергілікті билік органдарының жұмыспен қамтумен байланысты мәселелерді шешу бойынша өкілеттіктері талданған. Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды реттеу мәселелері айқындалған және талданған, себебі бүгінгі таңда біздің елде жұмыспен қамту мәселесін құқықтық реттеу мемлекеттік және жергілікті басқару сферасының құзыретіне жататын болғандықтан бұл өзекті болып табылады. Бұл мәселеде жергілікті билік органдарының мүмкіндіктері шектеулі. Осы орайда, қорытындыда, авторлар анықталған мәселелерді шешу үшін іс-шаралар кешенін ұсынады.

Түйін сөздер: халықты жұмыспен қамту, мемлекеттік саясат, әлеуметтік экономикалық жағдай, еңбек нарығы, еңбек күші, жұмыссыздық.

Izatullaeva B.S.,
Almukhambetova B.Zh.

**Problems of realization of the
state policy of employment at the
local level and their solutions**

In this article the author considers the problem of implementation of the state employment policy at the local level. The notion of employment as a combination of economic and social relations associated with the provision of able-bodied citizens jobs and their participation in economic activities. The authors examined in detail the problems of unemployment and its specific features identified at the local level. Were also analyzed in detail the powers of local authorities to address the problems associated with employment. Were identified and analyzed for the management of local employment, which are currently very topical in view of the fact that in our country the legal regulation of employment is a matter of state and regional management. Local authorities in this matter have limited opportunities. In this regard, the conclusion, the authors proposed a range of measures to address the problems identified.

Key words: employment, public policy, labor market, labor force and unemployment.

Изатуллаева Б.С.,
Альмухамбетова Б.Ж.

**Проблемы реализации
государственной политики
занятости на местном уровне и
пути их решения**

В данной статье авторами рассматриваются проблемы реализации государственной политики занятости населения на местном уровне. Раскрывается понятие занятости населения как совокупности экономических и социальных отношений, связанных с обеспечением трудоспособных граждан рабочими местами и их участием в хозяйственной деятельности. Авторы подробно рассмотрели проблемы безработицы и выявили ее специфические черты на местном уровне. Также были подробно проанализированы полномочия органов местного самоуправления по решению проблем, связанных с занятостью населения. Были выявлены и проанализированы проблемы регулирования занятости на местном уровне, которые в настоящее время являются очень актуальными в связи с тем, что в нашей стране правовое регулирование вопросов занятости населения относится к сфере государственного и регионального управления. Местные органы в данном вопросе имеют ограниченные возможности.

Ключевые слова: занятость, государственная политика, рынок труда, рабочая сила, безработица.

¹Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

²Алматы менеджмент университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: botagoz_2077@mail.ru

**ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН
ҚАМТУ МЕМЛЕКЕТТІК
САЯСАТЫН
ЖЕРГІЛІКТІ
ДЕҢГЕЙДЕ ЖҮЗЕГЕ
АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ
ЖОЛДАРЫ**

Қазіргі уақытта Қазақстанның еңбек нарығындағы жағдайы халықтың экономикалық белсенді және белсенді емес көрсеткішін, жұмыспен қамтылуының және жұмыссыздығының көрсеткіштерінің өзгеруімен сипатталады. Жұмыспен қамту проблемасы – бүгінде әлемдік күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі. Мәселен, Халықаралық еңбек ұйымының көңіл көншітпейтін болжамына қарағанда алдағы төрт жылда планетадағы жұмыссыздар саны жылына шамамен үш миллионға көбейіп, алдын ала есептеу бойынша 2017 жылға қарай 211 млн адамға жетеді екен, ал бұл өте ауыр салдарларға әкеп соғуы мүмкін. Мысалға Еуропалық одақты алайық, бүгінгі таңда Грекияда, Португалияда, Испанияда, Италияда және Еуропаның басқа елдерінде болып жатқан жағдай – жұмыссыздықты туындататын экономикалық проблемалардың айқын салдарлары, бұл терең әлеуметтік және тіпті саяси дағдарысқа ұласып барады. Жаһандық экономика алапат дағдарысқа ұшырағанымен, соңғы жылдары қазақстандық еңбек нарығында өзге елдермен, әсіресе, Еуроаймақпен салыстырғанда тұрақты жағдай қалыптасты. Оған республика үкіметі дер кезінде қабылдаған Жол картасы, еліміздің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылып жатқан жобалар, жаңа жұмыс орындарын құрып, халықты еңбекпен қамту шараларының арқасында қол жетті. Дегенмен әлемдік экономикадағы дағдарыстың екінші толқынының қаупі, ХХІ ғасырдағы жаңа қиындықтар халықты жұмыспен қамту саласында жаңа шешімдер қабылдап, жүзеге асыру қажеттігін қойып отыр. Елбасы тапсырмасымен үкімет 2020 жылға дейін халықты жұмыспен қамтудың жаңа қағидаты бағдарламасын бекітті. Оның жүзеге асырылуы – еңбекпен қамту, еңбек қатынастары және еңбек нарығы салалары жаңа басымдықтарды талап етіп, жаңа әлеуметтік-экономикалық даму жолына түсетін өте күрделі міндет. Елбасы белгілеген тапсырмаларды орындау осы басымдықтарды дұрыс таңдап, тиімді іске асыруға тікелей байланысты болады.

Қазіргі кезде әлемдік қаржы дағдарысының Қазақстан экономикасына тигізе бастаған әсері халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуді өзекті мәселелердің біріне шығарып отыр. Осыған орай, елімізде еңбек нарығының қалыптасуы

мен дамуын қарастыру маңызды болып табылады. Мәліметтерге келсек, 2013 жылы Қазақстан халқының саны 17,1 млн адамға жетсе, оның 48 пайыздан астамы еңбекпен қамтылған. Соның ішінде жалпы экономикалық тұрғыдан белсенді халық 2013 жылы 9042,4 мың адамға жетті, 2009 жылмен салыстырсақ 584,5 мың адамға артты немесе 73,4 пайызды құрады. Жұмыспен қамтылған халық 2009 жылы 100,6%-ды құраса, 2012 жылы 100,8% жетті. Ал жалдамалы қызметкерлерді 2009-2013 жылдар аралығын салыстыратын болсақ 741,1 мың адамға немесе 67,2 %-ға өскенін байқаймыз. Өз бетінше жұмыспен қамтылғандар 2013 жылы 2 596,1 мың адамды

құрады, өткен 2012 жылдан 97,3 мың адамға азайды [1]. Жұмыссыз халық саны 2009 жылы 53,4 мың адамды құраса, 2013 жылы 30,0 мың адамға төмендеді. Яғни 2009 жылы 6,6 %-дан 2012 жылы 5,3%-ға төмендеді. Жұмыспен қамту органдарында тіркелген жұмыссыздар саны 2015 жылға қарай аталған бағдарламамен 1,5 млн халықты қамту жоспарланған. Соның арқасында еліміздегі кедейшілік деңгейін 6 пайызға төмендетіп, жұмыссыздық көрсеткішін 5,4 пайыздан асырмау міндеті қойылып отыр. ҚР Статистика агенттігінің мәліметі бойынша, республикадағы жұмыссыздықтың қазіргі деңгейі де 5,3 пайыздың шамасында (1-кесте) [2].

1-кесте – Халықтың экономикалық белсенділігі 2009-2013 жж.

	2009	2010	2011	2012	2013
Экономикалық тұрғыдан белсенді халық, мың адам	8457,9	8610,7	8774,6	8981,9	9042,4
Экономикалық белсенділік деңгейі, пайызбен	100,5	101,8	101,9	102,4	100,7
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	7903,4	8114,2	8301,6	8507,1	8576
Жұмыспен қамтылу деңгейі, пайызбен	100,6	102,7	102,3	102,5	100,8
Жалдамалы қызметкерлер, мың адам	5238,8	5409,4	5581,4	5813,7	5979,9
Жұмыспен қамтылған халық санындағы үлесі, пайызбен	100,8	103,3	103,2	104,2	102,9
Өз бетінше жұмыспен қамтылғандар, мың адам	2664,6	2704,8	2720,2	2693,4	2596,1
Жұмыспен қамтылған халық санындағы үлесі, пайызбен	100,3	101,5	100,6	99,0	96,4
Жұмыссыз халық, мың адам	53,4	35,4	36,6	34,6	30,0
Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	6,6	5,8	5,5	5,4	5,3
Экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы тіркелген жұмыссыздар үлесі (жыл соңына), пайызбен	0,6	0,4	0,4	0,4	0,3
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, % (15-24 жас)	6,7	5,2	4,6	3,9	4,0
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, % (15-28 жас)	8,5	6,6	6,1	5,4	5,0
Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, %	2,5	2,2	2,1	2,5	2,5
Ескерту: Қазақстан Республикасы Статистика Агенттігінің 2013 жылғы мәліметтері негізінде құрастырылды.					

Күні кеше ғана мерей-асы тасып тұрған осы елдерде жұмыссыздық деңгейі қазіргі кезде айтарлықтай жоғары болып отыр. Ең бастысы – адам және зияткерлік капиталын пайдаланудағы ұстанымдардың белгілі бір дәрежеде жоғалуы айқын көрініп тұр. Мұның аясында Қазақстандағы жағдай айтарлықтай жақсы. Елімізде тиімді алдын алу шаралары қолданылып, олар тіпті әлемдік қаржылық дағдарыс шарықтап тұрған шақта да жұмыссыздық деңгейін 6,6% шегінде ұстап тұруға мүмкіндік берді. Бұған бі-

лім деңгейін арттыруға, кәсіби кадрларды даярлау жүйесін дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған, Парламент қабылдаған заңдар да септігін тигізді. Бұл мақсаттарға тек «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы бойынша 2011-2012 жылдары республикалық бюджеттен 102 млрд теңгеге жуық қаржы жұмсалса, 2011-2013 жылдары бұл көрсеткіш 169,3 млрд теңгені құрап отыр (1-сурет) [3].

Жұмыспен қамтудың іс жүзінде тиісті түрде қолданылып отырған және тиімділігі дә-

ледденген тетіктері мен құралдары сынақтан өткізілді. Бағдарламаның іске асырылуында бүгінгі таңда оған 227,8 мың адам қатысты (2-сурет).

Барлық өтініш білдіргендер 2011 жылы 84,8 мың адам, 2012 жылы 111,5 мың адам, яғни 31% артқан, 2013 жылы 31,5 мың адамды құрап отыр.


Оның ішінде өтініш бергендер 2011 жылы 61,5 мың адам, 2012 жылы 104,8 мың адам, яғни 70% артқан, 2013 жылы 29,1 мың адам.

Ал әлеуметтік келісімшартқа қол қойғандар саны 2011 жылы – 58,6 мың адам, 2012 жылы – 102,8 мың адам, яғни 75% артқан, 2013 жылы 26,6 мың адам болып отыр.



1-сурет – 2011-2013жж. Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын қаржыландыру (млрд теңге)

Ескерту: ҚР Статистика Агенттігінің мәліметіне сәйкес құрастырылды



2-сурет – 2013 жылы Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы мен қамту (мың адам)

Ескерту: ҚР Статистика Агенттігінің мәліметіне сәйкес құрастырылды


Ағымдағы жылы халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаның барлық бағыттарын жүзеге асыруға 1,1 трлн теңге бөлінді, бұл 110 мыңға жуық адамды қамтуға мүмкіндік жасайды, ал 2014 жылы 1,2 трлн теңге бөлінеді. Мәселен, 2011 жылы 58,6 мың адам, 2012 жылы 102,8 мың адам, ал 2013 жылы 26,6 мың адам, жалпы 2011-2013 жж. аралығында 188,0 мың адам аталған бағдарлама бойынша

әлеуметтік шартқа қол қойды, олардың ішінде 66%-ға жуығы жұмыссыздарды, 27%-ға жуығы өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды құрады (3-сурет) [3].

Құжатта әлеуметтік маңызы бар міндеттерді шешуге жүйелі көзқарас көзделгенін атап өту қажет. Бұл бірінші кезекте оқытудың және жұмысқа орналастыруға жәрдемдесудің тиімді жүйесін құру болып табылады. Бағдарламада

азаматтарды басымды түрде елдің экономикасы қарқынды дамып келе жатқан орталықтарында жұмысқа орналастыру, жалға берілетін тұрғын

үй құрылысын ұлғайту, сондай-ақ бизнесті кеңейтуге ықпал ету және ауылдық елді мекендерді дамыту үшін жағдайлар жасау көзделеді.



3-сурет – Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының қатысушылары (мың адам)

Ескерту: ҚР Статистика Агенттігінің мәліметіне сәйкес құрастырылды

Еңбек нарығындағы мемлекет қызметінің маңызды бағыты болып, жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлеу және жүргізу табылады. Еңбек нарығын мемлекеттік реттеу екі бағытта –макроденгейде және микроденгейде жүзеге асуы қажет. Қазіргі кезде микроденгейде жұмыспен қамту мәселелері өзекті болып отыр. Кәсіпорын деңгейіндегі жұмыспен қамту мәселелерін шешіп алмай, еңбек нарығының шиеленісін төмендету мүмкін емес.

Өңірлік жұмыспен қамту стратегиясы халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге және олардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Халықты жұмыспен қамтамасыз етуді жетілдіру өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей байланысты. Сонымен бірге, өңірлік жұмыспен қамту мәселелерін шешуде жергілікті атқарушы органдардың ролін біршама арттыру керек, өйткені, осы органдар арқылы өңірлік жұмыспен қамту бағдарламалары жасақталады және ең бастысы, жүзеге асырылады.

Биліктің жергілікті органдарының, жоғары, орта арнайы және орта мектептердің басшыларына, жұмысшылар мен мамандардың даярлығының кәсіби-біліктілік құрылымы мен көлемін, еңбектің аймақтық нарығының қажеттілігіне сәйкестендіру және келістіруі қажет.

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастарға сай жастарға кәсіптік бағдар беру жұмысы қоғамдағы өзекті мәселелер қатарына

жатады. Қоғам өмірін демократияландыру мен ізгілендіру бағытында болып жатқан түбегейлі жаңаруларға байланысты республикамыздың білім беру мекемелеріндегі шәкірттің кәсіп тандау мәселесіне жаңа талаптар қойылуда [4].

Еңбек биржалары арқылы қандай бос жұмыс орындары бар екенін біліп жұмыспен қамтылуға ниет білдіру.

Ұсынылған механизм бір-бірімен байланысып толық жұмыс жасаған кезде халықты жұмыспен қамтуды жүзеге асыруда тиімді болар еді.

Соңғы уақыт ішінде еңбек нарығы түбегейлі өзгерді. Советтер Одағының ыдырауы алдында кепілді еңбек және еңбекақымен барлығы дерлік қамтамасыз етілген. Көбінің жұмысқа деген көзқарасы шарасыз, бірік жеңіл борыш дегенді білдірді, бұл адамдарды бұзды. 90-жылдарғы жұмыссыздықтың кәдімгі құбылыс болуы, көп адамдарды күйзелтті, бұл естен танарлық жағдай болды. Жалдамалы жұмысшылар да, қалай болса да өз жұмыс орнын жоғалтпау үшін тырысты. Жас мемлекеттің, экономиканың дамуымен тұрғындардың жағдайының жақсаруымен жаңа мүмкіндіктер пайда болды.

Қазіргі ғылыми өндірістер еңбек ресурсына жаңа көзқараспен қарауды талап етуде. Бұл арақатынастар макро деңгейінде ұлттық жұмыс күнін ақы ресурстар сапасын төлеуде кемшіліктерінің сақтау саясатын білдіреді. Аралық деңгейде жұмыс ету жағдайлары шартты, ақысы төмен аймақтарға мамандардың жұмыс ету қызығушы-

лығын арттыру. Макро деңгейде ресурстар сапасын білімді жоғарылату жұмыстарын жүргізу керек. Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, еңбек өндіріштігі мен мамандарының бір жұмыс істеу ұзақтығымен тығыз байланыста екендігін көрсетеді. Арнайы зерттеулер менеджер-маманның бір орнында оптималды жұмыс істеу мерзімі – 4 жыл болатынына куәгер бола алады. Психология осы уақытта өндірісті дұрыс түсіну және басқару жұмыстарын шешуде қажетті тәжірибеде жинақталатындығын көрсетті, алайда әрі қарай ізденісі кемігендіктен бұл білімдер көрсетілген мерзімнен бастап төмендей бастайды. Сондықтан тігінен (қызметтік өсу, карьералық ауысу) немесе көлденеңі бойынша (жаңа міндеттер) маманның жұмысқа тұрақты белсенді қатынасын көрсетеді. Дамыған мемлекеттерде, оның ішінде АҚШ-та 20 жыл 1 фирмада жұмыс істегенмен салыстырғанда 20 жыл ішінде 4 фирмада жұмыс істеген инженер аса құнды болып табылады [5].

Қазақстандағы еңбек ресурстары нарығы көптеген өзгерістерге ұшыраған, еңбек ресурстары жалпы экономикалық мәселелері тұрғысынан көптеген өзгерістерге ұшыраса, әлеуметтік құрылымда да сондай жағдайға тап болды. Еңбекпен қамту сферасында стихиялы түрде болды, салаларда еңбек ресурстарының қозғалысы ешқашан экономикалық дұрыс бағаланбай, мамандануының төмен деңгейінде қолданылып отырды.

Жоғары білімді мамандарының потенциалы (инженер, технолог, мұғалім, құрастырушы) белгісіз қызметтердің жетегінде кете барды. Олар негізінен қызмет көрсету, кіші тұрақсыз бизнес. Экономикада тұрақсыз факторлар мен қайнар көздердің өсіміне сәйкес қарама-қайшылығын көрсететін тенденциялар бар.

Осыған байланысты еңбек ресурстарын дұрыс пайдалану қажеттілігі туады. Қазіргі уақыттағы еңбек ресурстарын пайдалануды жақсартудың негізгі шаралары:

- облыс тұрғындары үшін жалпы ұлттық деңгейдегі бос тұрған жұмыс орындары мен жұмысшыларға қойылатын талаптар жөнінде ақпараттық жүйені қалыптастыру;

- болашақта еңбек нарығының тапсырмасына еңбек ресурстарын қайта дайындау;

- елдің барлық аймақтарында оның ішінде ауылдық жерлерде еңбекке сұраныс пен ұсыныс бойынша инфрақұрылымды дамыту;

- жаңа жұмыс орындарының ашылуына қолдау көрсету;

- салааралық және кәсіпкерлік еңбек ресурстарын, еңбектің көші-қонын реттеп қайта орна-

ластыруға өз үлесін қосатын іс-шараларын жасап қабылдау;

- мамандық, тұрақты кәсіп және алдын ала сұраныс бойынша, орнынан босап қалған жұмысшыны қайта дайындау жүйесін және кәсіптік білім беру мониторингін жасау [6].

Бұл мәселелер кәсіптік білім беру жүйесін реформалауда, экономиканы қайтадан құру бағдарламасына, жұмыспен қамтудың салалық және аймақтық бағдарламасында негізгі орынды алу керек. Еңбек ресурсы легін реттеу механизмін салық жүйесінің іс-шаралары мен жеңілдіктер көмегімен жасау маңызды мәнге ие болады. Мысалы, оқуды аяқтағаннан кейін жастардың барлық топтары үшін салық жеңілдіктерін қолданады. Сол сияқты мамандығы бар бірақ еңбек тәжірибесі жоқ маманды жұмысқа алуда кәсіпорнын бөлу арнайы ұйымның есебінде тұруы мүмкін. өте жақсы идеяға конкурс жариялауға болады, мысалы, орта кәсіптік оқу орнын бітірушілер үшін салықтық қызығушылық бойынша жұмыс орнын жасауға. әрине, бұл тиімсіз жұмыс орнын сақтап қалуды жою үшін сайлау әдісі қажет.

Еңбек ресурсын қолдануда жаңалық ашу бағытын бірнеше топтарға біріктіруге болады. ҚР-ның еңбекке қабілетті азаматтарды жұмыс орындарымен қамтамасыз ету қажеттіліктерін ескере отырып, шетелдік жұмыс құқығын қорғау мен қазақстандық еңбек нарығын қорғау механизмін бір уақытта жүзеге асыру керек. Еңбек нарығындағы асқынып отырған күрделі мәселелердің бірі мүгедектерді жұмыс орнымен қамту. Квалификациялы маманданған құрамға жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың үйлесімсіздігі еңбек нарығындағы жағдайға өз әсерін тигізеді. Оралмандарды еңбекке орналастыру деңгейі төмен [7].

Қазіргі уақытта Қазақстанда еңбек нарығын қалыптастырудың бірқатар бағыттары қалыптасқан, олар халықты жұмыспен қамтудың мемлекеттік қызметіне кіреді. Оның негізгі мақсаты еңбек нарығы туралы ақпараттарды тарату арқылы оның қызмет ету тиімділігін арттыру болып табылады. Жұмыспен қамту қызметтерінің басымды бағыттарына, яғни жұмыспен қамтуға ықпал ету, әлеуметтік қолдауды қажет ететін тұлғаларды жұмыспен қамтуда қосымша шаралар, соның ішінде жұмыс орындарын квоталау, кәсіпкерлік әрекет пен өзін-өзі жұмыспен қамтуға ықпал ету, кәсіби дайындық пен кеңес беру, қоғамдық жұмыстар мен уақытша халықты жұмыспен қамтуды ұйымдастыру. Сонымен қатар жұмыс берушілерді мақсатты субсидиялау есе-

бін халықтың жеке басымды әлеуметтік топтары үшін қосымша және жаңа жұмыс орындарын ашу, жұмыссыздарды қайта дайындау.

Еңбек нарығының жағдайы мен жұмыс істеуі көптеген ішкі және сыртқы факторлардың ықпалына байланысты. Қазақстан нарығындағы жағдайдың өзгеруіне әсер ететін сыртқы факторлар: экономиканың жаһандануы, еңбектің халықаралық бөлінуі, шикізат ресурстарына әлемдік бағаның конъюктурасы, халықаралық көші-қон, жасырын еңбек көші-қоны.

Қазақстандық еңбек нарығына тікелей әсер ететін ішкі факторлар бұлар: тұрақты экономикалық өсу, индустриялық-инновациялық даму, экономиканың қайта құрылысы, шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы, жастарына байланысты экономикалық тұрғыдан белсенді халық жұмыскерлердің білім деңгейі және жұмыс күшін кәсіби дайындау, өңірлердегі еңбек нарығының жағдайы, жұмыс күшінің аумақтық, салалық және кәсіби аспектілеріндегі бейімділігі.

Қазақстанның еңбек нарығындағы жағдайы мен оның дамуы халықтың экономикалық белсенділігінің көрсеткішін, жұмыспен қамтылуының және жұмыссыздығының көрсеткіштерінің өзгеруімен сипатталады. Мемлекет экономикасындағы нарықтық реформалар еңбек қатынастары саласында өзгерістерге әкеліп соғып, жұмыс күшінің жаңа жұмыс істеу жағдайларын анықтайды. Экономикалық өсімнің жоғары қарқынды жағдайларында, еңбек нарығында жұмыс күшіне сұраныстың көтерілуін және халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру үшін нақты шарттар құрылуы.

Жастар мәселесі экономиканың, саясаттың, рухани дамудың және мәдениеттің мәселелері болып, қоғамдық мәселелерге айналуы. Жастар мәселесі жайлы мамандар, жастарға қатынасты ерекше саясат жүргізудің керектігін дәлелдеуде.

Еңбек нарығын мемлекет тарапынан реттеудің негізгі бағыты – жұмысбастылықты қамту мен жұмыссыздық мәселелерін шешу. Еңбек нарығына мемлекеттік әлеуметтік бағдарламасының (табысы аз отбасыларына көмек, жұмыссыздарға жәрдем, әртүрлі әлеуметтік төлемдер, зейнеткерлерді қамсыздандыру және т.б.) үлкен әсері бар. Бұл бағдарламалар жоғары нарықтық қысымында тұрған еңбекшілердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақтандырып, нарық механизмінің «ауырлық» тудыратын жақтарын жақсартады. Нәтижесінде жұмыс күші бағасының ерекше элементі көрінеді. Ол еңбек нарығының қызметіне тікелей байланысты емес, одан тыс принциптерден пайда болады.

Еңбек нарығындағы мемлекеттің аралық қызметінің де рөлі маңызды. Мемлекет жұмыс орындарын іздестіріп табады. Жалпы еңбекке орналасыру жөнінде информациялық орталық құрады. Жұмысшыны оқыту және қайта оқытудың мемлекеттік жүйесі оларды өзгертіп отыратын нарық талаптарына тез үйренуіне көмектеседі.

Еңбек нарығының сұранысына сай аймақтарда кәсіби оқыту және қайта оқыту жұмыстарымен толық қамтамасыз етілмеген. Оларды жоспарлау және ұйымдастыру жұмыстары, даярлау және қайта даярлау, квалификациялық кадрлардың жетіспеушілігін айта кеткен жөн.

Еңбек нарығында микро қаржыландыру арқылы аз қамтамасыз етілген еңбекке қабілетті азаматтардың материалдық жағдайын жақсарту және оларды өзін-өзі жұмыспен қамту және грант және микрокредиттермен қамтамасыз ету.

Жергілікті басқару жүйесінде халықты жұмыспен қамту жағдайларын жақсарту мақсатында келесі шараларды қолдану керек:

- шағын кәсіпкерлердің әрі қарай дамуына жағдай жасау;
 - жұмыс берушілердің бос жұмыс орындарын құру;
 - есептік экономикалық қажеттілігіне байланысты даярлау және қайта даярлау арқылы жұмыс күші квалификациясын көтеру;
 - инфрақұрылым және әлеуметтік саланың дамуын үлкен масштабы және мамандандырылған қоғамдық жұмыстарды жүргізу;
 - бюджеттік сферадағы ең төменгі жалақы алатын жұмысшылардың еңбекақысын көтеру;
 - белсенді түрде жұмыспен қамту саясатын жергілікті деңгейде жүзеге асыру, оның негізгі мақсаты болып еңбекпен қамтылу табылады [8].
- Еңбек нарығында жұмыспен қамту мақсатында төмендегі бағыттар бойынша іс-шаралар өткізіледі:
- жұмыспен қамту мәселесінің заңнамалық және прогнативтік базасын жаңарту;
 - мүгедектер үшін арнайы мамандандырылған кәсіпорындар механизмін құру;
 - мүгедектердің үй шаруашылығындағы қол еңбектерін салық заңнамалары арқылы жағдай жасау;
 - вакансиялық банктер арқылы мүгедектерді кәсіби деңгейде оңалту үшін инвестицияларды ұлғайту;
 - жаңа жұмыс орындарын жұмыссыздардың жұмысына қарай бөлу;
 - оралмандарды кәсіптік даярлау бағдарламасын жүзеге асыру, сонымен қатар ресми тілді де үйрету;

Қоғамдық жұмыстың тиімділігін арттыру үшін келесілерді қолданамыз:

- қоғамдық жұмыстың түріне және күрделілігіне қарай ақы төлеу;

- аудан, қала, ауыл инфрақұрылымын дамытуға бағытталған қоғамдық жұмыстың приоритеттік тұрақтылығын ұйымдастыру;

- квалификациялық жұмысшылар үшін қоғамдық жұмыстардың кеңейтуіне немесе ұлғаюына жағдай жасау;

- ауылдық жерлерде қоғамдық жұмысқа тұрақты жұмыспен қамтуды белсенді түрде ұйымдастыру;

Кәсіби даярлау және қайта даярлау. Бұл үшін келесілерді қолдану қажет:

- жұмыс күшіне аймақтық, қалалық, аудандық еңбек нарықтарында мониторингтік қажеттіліктерді жүзеге асыру;

- еңбек нарығында сұраныстың өзгеруіне байланысты орта және ұзақ мерзімді болжамдаған әдістерін жасау;

Еңбек нарығының сұранысына байланысты кәсіби оқыту және қайта оқыту курстарын ұйымдастыру:

- квалификациялық даму үшін материалдық-техникалық базаның сапасын жақсарту;

- қазіргі нарық заманының талабына сай кәсіби оқытудың жаңа түрлерін ашу және тиімді оқу бағдарламасын, сонымен қатар еңбек құқығын қатаң сақтау және т.б. шараларды жүзеге асыру;

- микрокредиттік жүйемен қамсыздандыруды жергілікті атқарушы органдардың құзіретіне жүктеу және микрокредиттік жүйе арқылы халыққа әлеуметтік бағдар көрсету;

- мүгедектерді оқытудың бағдарламаларын жасау;

- ауылдағы жұмысшылардың квалификациясын көтеру үшін қолайлы жағдай жасау;

Шағын қаржыландырудың рөлін кеңейту:

- микрокредиттік ұйымдар туралы заң қабылдау;

- микрокредиттің максималды орталықтандырылмаған жүйесімен қамтамасыз ету;

- елдегі микрокредиттік ұйымдардың шаруашылық қызметін жүргізу үшін ыңғайлы жағдай жасау;

- нарықтағы микрокредиттік реурстарға ұсыныспен сұраныс балансына талдау жүргізу;

Еңбек нарығында толық жұмысбастылықты қамтамасыз ету шараларының бірі – қоғамдық жұмыстарға тарту. Қазіргі кезде еңбек нарығын реттеуде қоғамдық жұмыстардың рөлі артуда, қоғамдық жұмыс жұмыссыздардың әлеуметтік

қолдау қызметтерін атқаруда және жұмыссыздықтың кенеттен қарқындап өсуін және еңбек нарығындағы жағдайларды жеңілдетуде [9].

Біздің көзқарасымыз бойынша, халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету тұжырымдамасының негізгі міндетіне жатқызуға болады:

- еңбек ресурстарын және еңбек әлеуетін тиімді қолдануды арттыру;

- бизнес тарапынан жұмыс күшіне сұранысты ынталандыру;

- жұмыс күшінің сапалы сипатын арттыру;

- халықтың өнімдік жұмыспен қамтылуына көмек;

- еңбек саласында азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету;

- инвестициялық және ауқымды жобаларды жүзеге асыру және жоғарғы технологиялық өндірісті жаңғырту қажеттілігін қанағаттандыратын инновациялық жұмыспен қамтуды қалыптастыру;

- мемлекеттік қолдаудың жеке шараларынан жаңғыртудың жүйелік шараларына және бәсекеге қабілеттілікті арттыру, инновациялық белсенділікті ынталандыруға, адам капиталына инвестициялауға ауысу және жұмыссыз азаматтардың әлеуметтік қорғаныс деңгейін арттыру.

Жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясында келесі бағыттар басым болуы мүмкін:

1. Институционалды-құқықтық базаны жетілдіру. Заңнамалық реттеудің нысаны болып тек қана тіркелетін жұмыссыздық емес, жалпы жұмыспен қамту болуы қажет. Жұмыспен қамту тиімділігін арттыруға бағдарлану керек, еңбек сұранысы мен оның ұсынысына тең назар аударылуы шарт. Барлық саланы қамтитын, қоғамның тиісті қатысушы субъектілерінің жұмыспен қамту проблемасын шешуге жауапкершілік шарасы мен қатысу түрін анықтайтын жұмыспен қамту заңының қабылдануы қажет.

2. Қазақстанның бейресми экономикасы аясында өздігінен жұмыспен қамтылған халықты бірегейлендіру бойынша жұмыс жүргізу және өздігінен жұмыспен қамтылғандардың әлеуметтік-экономикалық, құқықтық беделін анықтау, халықаралық тәжірибемен сәйкестендіру, сонымен қатар бұл санаттардың әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі қызметіне қолжетімділігін анықтау.

3. Республикалық және жергілікті атқарушылық органдар көмегімен халықтың өзіндік жұмыспен қамтылу проблемасын депрессиялық аймақтарда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық және өнеркәсіптің инновациялық сек-

торларында жаңарту, дамыту бойынша белсенді шараларды қолдану арқылы шешу.

4. Халықтың жұмыспен қамтылуын бақылау және есепке алудың тиімді жүйесі үшін жағдай туғызу, еңбек нарығын дамытудағы ретсіздікті жеңу, аймақтық нарықтың жағдайын, әлеуметтік инфрақұрылым, ең алдымен, баспана нарығын ескере отырып, еңбек нарығын реттеу бойынша шешімдерді үйлестіру.

5. Бейресми еңбек көші-қонына жол бермей бойынша шаралар қолдану, Кеден Одағы аясында ортақ нарықты қалыптастыру және жұмыс күшінің ағымының мүмкіндігін қалыптастыру мүмкіндігін қолдану.

6. Халықты жұмыспен қамтудың маңызды мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерді көтермелеу және дамыту, жұмыс күшінің көші-қонын реттеу және тиімді еңбек нарығын құру [10].

Бұл шаралар халықтың жұмыспен қамтылуын, жұмыссыздық азаюын, жұмыс күшінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігінің артуын, еңбек саласындағы азаматтарға әлеуметтік кепілдіктер, медициналық сақтандыруды ұсынуды, кәсіби білім алуды, өзге нормативтер мен стандарттардың сақталуын қамтамасыз ете алады.

Қазіргі уақытта жүзеге асырылып жатқан үдемелі индустриялық-инновациялық дамуға

көшу, бір жағынан, жұмыспен қамтудың одан әрі өсу мүмкіндіктерін кеңейтеді, екінші жағынан – еңбек нарығына жұмыс күшінің ішкі резервін тартудың, еңбек ресурстарының сапасы мен экономикалық белсенділігін арттырудың жаңа тәсілдерін әзірлеуді және іске асыруды талап етеді [11].

Жалпы қорыта келе, Қазақстанда әлеуметтік жаңғырту мақсаты халықтың тыныс-тіршілігінің жоғары деңгейін және сапасын қамтамасыз ету, әлеуметтік процестің әртүрлі қатысушылары – мемлекет, нарық, мамандандырылған әлеуметтік институттар, отбасылар мен әлеуметтік желілер арасында функцияларды оңтайлы бөле отырып, оның экономикалық белсенділігі мен еңбек өнімділігінің өсуі болып табылады. Қойылған мақсаттарға сәйкес мынадай міндеттерді шешу қажет, яғни білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экономиканың тұрақты өсуі үшін сапалы білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету жолымен адами капиталды дамыту; елдің тұрақты әлеуметтік-демографиялық дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан азаматтарының денсаулығын жақсарту; тұрақты және өнімді жұмыспен қамтуға ықпал ету жолымен халықтың табысын арттыру.

Әдебиеттер

- 1 Социально-экономическое развитие Республики Казахстан / Краткий Статистический бюллетен. – Астана, 2014.- 78с.
- 2 Дорожная карта занятости 2020. Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от «31» марта 2011 года – №316. dkz.enbek.gov.kz
- 3 Экономическая активность населения Казахстана, 2008 – 2012, 2013 / Статистический сборник. – Астана, 2014. – 288 с.
- 4 Нугербеков С. Казахстанский рынок труда характеризует динамичность // Казахстанская правда. – 2012. – № 354-355. – С.78-79.
- 5 Сәлімбаева Б.Қ., Жұмақанова Қ.М. Жұмыс күші көші-қонының еңбек нарығына тигізетін әсері // Вестник КазЭУ. – 2010. – №4. – С.56-58.
- 6 Зотова В.Б. Система муниципального управления. – СПб.: Питер, 2005.- 437 с.
- 7 Жұмыспен қамту 2020 жол картасын іске асыруды ұйымдастырудың бес қадамы (жергілікті атқарушы органдардың басшыларына арналған). – Астана, 2013. dkz.enbek.gov.kz
- 8 Иванова В.Н. Управление занятостью населения на местном уровне / В.Н.Иванова, Т.И. Безденежных. – М., 2012. – 247 с.
- 9 Карташева А., Кубишин Е. Ситуация на рынке труда: направления развития. // Экономист. – 2008. – №12. – С.48-49.
- 10 Платонов О.А. Повышение качества трудовой жизни. Опыт США. – М.: Наука, 2010. – 254 с.
- 11 Филиппов Ю.В., Авдеева Т.Т. Основы развития местного хозяйства – М.:Наука, 2000. – 257 с.

References

- 1 Sotsial`no-ekonomicheskoe razvitie Respublicy Kazakhstan / Kratkij Statisticheskiy byulleten. – Astana, 2014. – 78 s.
- 2 Dorozhnaya karta zanyatosti 2020. Utverzhdena postonovleniem Pravinel`stva Respublicy Kazakhstan ot 31 mart 2011 goda – № 316. dkz.enbek.gov.kz
- 3 Ekonomicheskaya aktivnost` naseleniya Kazakhstana, 2008-2012, 2013 / Statisticheskiy sbornic. – Astana. 2014. – 288 s.

- 4 Nugerbekov S. Kazakstanskiy rinok truda harakterezuet dinamichnost // Kazakstanskaya Pravda. – 2014. – 288 s.
- 5 Salimbaeva B.K. Zhumakanov K.M. Zhumis kushi koshi-kon enbek narigina tigizetin aseri // Vestnic KazEU – 2010. – №4. – 56-58 s.
- 6 Zotova V.B. Sistema municipal'nogo upravleniya. – SPb.: P, 2005. – 437 s.
- 7 Zhumispen kamtu 2020 zhol kartasin iske asirudi umdastirudin bes kadami (zhergilikti atkaruzhi organdardin basshilarina arnalgan). – Astana, 2013. dkz.enbek.gov.kz.
- 8 Ivanova V.N. Upravlenie zanjatost'ju naselenija na mestnom urovne / V.N.Ivanova, T.I.Bezdenezhnyh. – M., 2012. – 247 s.
- 9 Kartasheva A., Kubishin E. Situacija na rynke truda: napravlenija razvitija. // Jekonomist. – 2008. – №12. – С.48-49.
- 10 Platonov O.A. Povyshenie kachestva trudovoj zhizni. Opyt SShA. – M.: N, 2010. – 254 p.
- 11 Filippov Ju.V. Osnovy razvitija mestnogo hozjajstva. – M.: Nauka, 2000. – 257 s.